

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын
орналастыру бойынша конкурстық комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ №15**

Жалағаш кенті

«28» мамыр 2025 жыл

Өткізілген орны: Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің ғимараты

Мекенжайы: Жалағаш кенті, Ұлы Жеңістің 50 жылдығы көшесі №20

Өткізілу күні және уақыты: 28 мамыр, 2025 жыл, сағат 10.00-де.

Төрағалық етуші: Садыков Талгат Куракбаевич «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы, конкурстық комиссия төрағасы,

Хатшы: Ерназарова Бекзат Жантөреқызы - «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімі» әдістемелік кабинет әдіскері.

Комиссия мүшелері:

Әнуарова Қарлығаш Жарқынбекқызы-Қызылорда облысының білім басқармасының мектепке дейінгі және орта білім беру бөлімінің бас маманы, комиссия мүшесі (келісім бойынша);

Курманбаева Гулзат Ердаулетовна-Жалағаш аудандық кәсіподақ комитетінің төрайымы, комиссия мүшесі (келісім бойынша);

Жанашев Сәбит Еркінболұлы - Жалағаш аудандық мәслихатының депутаты (келісім бойынша);

Ибраева Баян Тұрмағанбетқызы - Жалағаш ауданының Қоғамдық кеңесінің мүшесі, комиссия мүшесі (келісім бойынша);

Аяпов Дәурен Мәлікұлы - Жалағаш ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің бас инспекторы, комиссия мүшесі (келісім бойынша);

Серіков Шыңғыс Серікұлы-Қызылорда облысының Кәсіпкерлер палатасының Жалағаш аудандық кеңес мүшесі, комиссия мүшесі (келісім бойынша);

КҮН ТӘРТІБІ:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурста қатысуға жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарымен ұсынылған өтінімдерді қарау туралы

Отырыста «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы, конкурстық комиссия төрағасы Т.Садықовтың сөзі **ТЫҢДАЛДЫ:**

Т.Садықов, Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің

2022 жылғы 27 тамыздағы №381 бұйрығына сәйкес конкурстың шарттары (қосымша 20 орынға) Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімі» КММ-нің ресми интернет-ресурсында орналастырылған болатын. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қызметі бойынша қосымша 20 орынға 1 жеткізушіден тапсырыс түскендігі туралы айтты. Жеткізуші «Торша» бөбекжайы» мекемесі Жалағаш ауданы, Ақсу ауылы, С.Дәулетбеков көшесі №1 мекен жайында орналасқан.

Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсына қатысуға берген конкурстық құжаттары комиссиямен Қағида талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қаралды.

«Торша» бөбекжайы» мекемесі мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсына қатысуға берген конкурстық құжаттары және мектепке дейінгі ұйымға бару нәтижелері бойынша:

1) «Торша» бөбекжайы» мекемесі Қағида талаптарына сәйкес келеді.

«Торша» бөбекжайы» мекемесіне қосымша 20 орынға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурстық өтінімді қарау нәтижесінде комиссияның шешімі тыңдалып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. «Торша» бөбекжайы» мекемесіне (2- 6жас) қосымша 20 орынға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылсын.

2. Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімі» КММ-нің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тізбесі білім бөлімінің интернет-ресурсында жариялансын.

«Жақтап» дауыс бергендер - __дауыс (Т.Садыков, Қ.Әнуарова, Б.Ибраева, Г.Курманбаева, С.Жанашев, Д.Аяпов, Ш.Серіков)

«Қарсы» - __ дауыс.

Конкурстық комиссия төрағасы:



Т.Садыков

Комиссия мүшелері:



Қ.Әнуарова

С.Жанашев

Г.Курманбаева

Б.Ибраева

Д.Аяпов

Ш.Серіков

Конкурстық комиссия хатшысы:



Б.Ерназарова